

«Мамандығым-болашағым» тақырыбында онлайн-вебинар

2024 жылдың 17 қазан күні ZOOM платформасында ЖОО өкілдері, ғылыми бейінді орынбасарлар, кәсіптік педагогтер, 9-10-11 сынып оқушылары, ата-аналардың қатысуымен «Мамандығым-болашағым» тақырыбында онлайн-вебинар өтті. Вебинар барысында оқушылар ЖОО-ға виртуалды саяхат (экскурсия) жасап, әртүрлі мамандықтар бойынша оқу процесімен, зерттеу орталықтарымен және оқыту әдістерімен танысты. Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев Оқу ордамыздың құрылымы, факультеттер мен мамандықтар, академиялық мүмкіндіктер, ғылыми- зерттеу зертханалар мен материалдық-техникалық база, мамандандырылған зертханалар мен лингафонды кабинеттер, ағаш, темір, тігін, қолөнер шеберханалары, арт-терапия кабинеттері және де «Қоғамдық кәсіптер даярлау» орталығы: эстрада, айтыс, дефиле, домбыра, бейнелеу өнері, қолөнер, аспаптар жасау, би үйірмелері, археологиялық орталық туралы кеңінен таныстырып, оқушыларға пайдалы ақпарат берді



«Мамандықты дұрыс таңдау - баянды болашақтың бастауы»

2024 жылдың 24 қазан айында Ордабасы ауданы, Бадам елді мекені, «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандықты дұрыс таңдау - баянды болашақтың бастауы» атты іс-шара өтті. Іс-шарада Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Кылышбаев педагогикалық мамандықтар туралы кеңінен таныстырды. Сондай-ақ, Оқу ордамыздың материалды-техникалық базасы, педагогикалық мамандықтардың болашақтағы маңыздылығы мен еліміздегі оқу орындарының ішіндегі алатын орны жайлы баяндады. І-шараға қаламыздағы басқа да оқу орындарының өкілдері қатысты.



Кәсіби бағдар беру оқушылардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бірден-бір мүмкіндік

Кәсіби бағдар беру мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарын дұрыс таңдап, өз әлеуетін ашуға, мақсаттарына сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Мектептер мен университеттер бірлесіп жұмыс жасағанда, оқушылардың болашаққа деген сенімділігі артып, білім беру жүйесіндегі таңдау қателіктері азаяды.

Оқу ордамызға Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ұрбұлақ ауылы, Ұрбұлақ жалпы білім беретін мектеп оқушылары келді. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Тарих және педагогика факультетінің деканы Г.Б. Таутаева, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Кылышбаев және де Арнайы педагогика кафедрасының оқытушыларының қатысуымен мектеп оқушыларына болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін білім жолын анықтауына университет тарапынан кәсіби бағдар жұмысы жүргізілді. Бұл кәсіби бағдарлау жұмыстарының негізгі мақсаты – оқушыларды мамандықтармен таныстыру, оқу ордамыздың ерекшеліктерін түсіндіру және болашақтағы мансаптық жоспарларына сәйкес жолдарды көрсету.



Ашық есік күндері

Сайрам ауданының білім бөліміне қарасты N 93 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін мектебінің 10-11 сынып оқушылары, 2024 жылдың 5 қазан күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне ашық есік күндері аясында келіп, Оқу ордамызбен танысты.

